

Локомотив жабдығын жеткізудің және Локомотив құрастыру жөніндегі зауытты салудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 409 Қаулысы

Тартымды жылжымалы құрамды одан әрі жаңғырту, локомотив паркін біріздендіру, локомотив шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес "General Electric" компаниясы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар локомотивтерді жаңғырту үшін 150 жиынтық мөлшерінде локомотив жабдығын (бұдан әрі - локомотив жабдығы) жеткізуші болып белгіленсін.

2. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына "Локомотив" акционерлік қоғамымен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен локомотив жабдығын мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын сақтауды;

3) локомотив жабдығын жеткізуге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін "Қазтеміржолкөлік" акционерлік қоғамымен, екінші деңгейдегі банкпен, Америка Құрама Штаттарының Экспорт-импорт банкімен кредиттік шарт жасасуды;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының, "General Electric" компаниясының Астана қаласында локомотивтер құрастыру жөнінде зауыт салу туралы ұсынысымен келісілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі